

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

Армия генералы МАСЛЕННИКОВҚА

3-ПРИБАЛТИКА майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, 25 августа, немістердің қорғану шебінің маңызды тіректі бекінісі, Эстонияның орталық аудандарына баратын жолдарға қақпа болған—ТАРТУ (ЮРЬЕВ-ДЕРПТ) қаласы мен қатынас жолдарының ірі торабын тіке шабуылмен алды.

ТАРТУ қаласын алу ұрыстарында генерал-лейтенант РОМАНОВСКИЙДІН, генерал-лейтенант ЗАХВАТАЕВТЫҢ, генерал-майор АБАКУМОВТЫҢ, генерал-майор МАРТЫНЧУКТЫҢ, генерал-майор ФЕТИСОВТЫҢ, генерал-майор СТЕПАНЕНКОНЫҢ, генерал-майор КОЛЧАНОВТЫҢ, полковник ШИРЯЕВТИҢ, генерал-майор ПОТАПОВТЫҢ, генерал-майор КАРАПЕТАННЫҢ, полковник ДЕМИДОВТЫҢ, полковник НИКОНОВТЫҢ, полковник ДОЛГОВТЫҢ, полковник ФОМИЧЕВТИҢ, генерал-майор БУРАКОВСКИЙДІН, генерал-майор БОРИСОВТЫҢ, полковник БЕСПЕРСТОВТЫҢ әскерлері; артиллерия-генерал-полковник КРАСНОПЕВЦЕВТИҢ, полковник ЛЕОНОВТЫҢ, полковник ФАСТРИЦКИЙДІН, полковник ШАТИЛОВТЫҢ, полковник ВОЛКОВТЫҢ, полковник ДИДЕНКОНЫҢ, полковник ЧЕРНЕВТИҢ, подполковник ВОРОНЫКОНЫҢ, полковник КАМОРНЫЙДЫҢ зенбірекшілері; танк әскерлерінің генерал-майоры КОЛОСОВТЫҢ, полковник ИВАНОВИЧТИҢ, подполковник МОРГУЛИСТИҢ, подполковник СОКОЛОВТЫҢ, майор САЛЬКОВТЫҢ, майор ГОРБУНОВТЫҢ танкшілері; авиация генерал-лейтенанты ЖУРАВЛЕВТИҢ, авиация генерал-лейтенанты ФИЛИННИҢ, подполковник ПОДМОГИЛЬНИЙДІН, подполковник ДОДОНОВТЫҢ, подполковник ПОЛУШКОНЫҢ, полковник АНДРЕЕВТИҢ, полковник КУЛИШТИҢ, майор ЯКОВЛЕВТИҢ, подполковник ЗЛОЧЕВТИҢ ұшқыштары; инженерлік әскерлердің генерал-майоры КИРЧЕВСКИЙДІН, инженерлік әскерлердің генерал-майоры ЧЕПУРОВТЫҢ, полковник МАРЧАКТИҢ, подполковник СОБОЛЕВТИҢ, подполковник СКОРОХОДТИҢ, подполковник АНГЛИЧАНОВТЫҢ, майор КОРЧАГИННИҢ саперлері; байланыс әскерлерінің генерал-майоры СИНЕЛЬНИКОВТЫҢ, подполковник КОРПЛЯКОВТЫҢ, майор ПОРТЕРДІН, подполковник ДРОБКИСТИҢ, мемлекет қауіпсіздігінің майоры КОСОБОВТЫҢ, полковник СЕМЕНОВТЫҢ байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне ТАРТУ қаласын алу ұрыстарында өте-мөте көзге түскен кұрамалар мен бөлімдер „ТАРТУ“ атағын беруге және ордендермен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 25 августа, 22 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА екі жүз жыйырма төрт зенбіректен жыйырма дүркін артиллерия оғын атып, ТАРТУ қаласын алған 3-ПРИБАЛТИКА майданының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет керсетеді.

ТАРТУДЫ азат ету ұрыстарына қатысқан Сіздің басқаруыңыздағы әскерлерге ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қазы тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!
Неміс басқыншылар құртылсын!

ЖОҒАРҒЫ БАС ҚОЛБАСШЫ
КЕҢЕСТЕР ОДАҒЫНЫҢ МАРШАЛЫ И. СТАЛИН.
1944 жылғы 25 август.

Теміржолшылардың өндірістік табысы

Кеменгер Сталин жолдастың «Жеңіс» орденімен наградталуы хұрметіне Петропавл теміржолшылары айлық жоспардан тыс 5 паровозды жөндеп шығаруға міндеттеме алған болатын. Бұл сертті орындауда олар тамаппа еңбек істеді. Сөйтіп алған міндеттемелерін 20 августа толық орындады.

Бас машинаны Батталов жолдастың паровоз бригадасы өндірістік зор табысқа ие болды. Бұл бригада август айының 20 күндік өндірістік жоспарын толық орындап, 20 тонна отын үнемдеді, поездың техникалық шапшаңдығы жөніндегі мөлшерді 2 километрге дейін артығымен орындап, жарыста бірінші орынға ие болды.

Батталов жолдастың көмекшісі Коновалов жолдас та өнегелі жұмыс істеп жүр. Ол 12500 килограмм көмір үнемдеді, поездың техникалық шапшаңдығын 2 километр артық орындап, паровоздың тәуліктік жүру мөлшерін 670 километрге жеткізді.

Маликов жолдастың паровозшылар брига-

да, август айының 20 күндік жоспарын едәуір артығымен орындады. Ол жұмыстан бос уақытта бір паровозды жөндеді.

Лабановская жолдас басқарған паровозшылар бригадасының мүшелері батыр Қызыл Армияға еселеп мол көмек беру үшін стахановтық вахтаға тұрып, күнделік жұмыс тапсырмаларын 150—200 процентке дейін артығымен орындады, сөйтіп жоспардан тыс 4 электр тұрбасын жөндеп шығарды.

Крылов жолдас басқарған комсомол-жастар бригадасының мүшелері даңқты Қызыл Армияның жеңістеріне жігерленіп, күнделік өндіріс тапсырмаларын екі есе артығымен орындады. Олар паровоз машиналарына арнап жоспардан тыс қосалқы бөлшектер өндірді.

Теміржолшылар коллективі қол жеткен табысты баянды етіп, екінші жарты жылдың жүк тасу жоспарын толық орындауға серт берді.

3-ПРИБАЛТИКА майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, 25 августа, немістердің қорғану шебінің маңызды тіректі бекінісі, Эстонияның орталық аудандарына баратын жолдарға қақпа болған—ТАРТУ (ЮРЬЕВ-ДЕРПТ) қаласы мен қатынас жолдарының ірі торабын тіке шабуылмен алды.

Қызыл Армияның даңқы арта берсін!

Кеңес Хабаршы бюросынан 25 АВГУСТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

3-ПРИБАЛТИКА майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, 25 августа немістердің қорғану шебінің маңызды тіректі бекінісі—ТАРТУ (ЮРЬЕВ-ДЕРПТ) қаласы мен үлкен темір жол торабын тіке шабуылмен алды, сол сыяқты 60тан аса басқа да елді жерді, оның ішінде ЭЛЬВА қаласын, МЫЙЗАКЮЛЯ, ҚЯРЕВЕРЕ, ИЛМАТСАЛУ, РИДАКЮЛА, ПУХЬЯ, УСКЮЛА, КОНКУТА, ТЭДЛА үлкен қыстақтары мен ЭЛЬВА, УДЕРНА темір жол станцияларын ұрыспен алды.

ЛОМЖА қаласының оңтүстік жағында әскерлеріміз ұрыспен алға басып, 40тан аса елді жерді, оның ішінде РАТОВО, НАДБОРЫ, ГНЯЗДОВО, ЛЮБОТЫНЬ, ГРОДЗИКИ, УГНЕВО, СТАРЕКАЧКОВО, СУМЕНЖНЕ қыстақтарын алды.

ПРАГАНЬШЫҒЫС және оңтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз дұшпанның жаяу әскерлері мен танктерінің атакаларын ойдағыдай тойтарып, қарсы атакалар жасау нәтижесінде өздерінің позицияларын жақсартты.

2-УКРАИН майданының әскерлері шабуылды ойдағыдай күшейте отырып, ТЕКУЧИ қаласы мен темір жол торабын алды, сол сыяқты 350ден аса басқа да елді жерді, оның ішінде СЕРБЕШТЬ, БУДЕШТЬКИКА, НАНЕШТИ, ОПРИШЕШТИ, СТОЕШЕШТИ, ДОДЕШТИ, ХУРДУДЖИ, БЭЛТЯНУЛ, САРАДЕНИ, БУЖОР, БОГИЧАНЫ, МЛАДЫНЕШТИ үлкен қыстақтары мен РОЙШЕШТИ, БАНКА темір жол станцияларын ұрыспен алды.

Майдан әскерлері Прут өзенінің шығыс жақ жағалауын бойлай шабуыл жасай отырып, ЛОПУШНА, ЛЕУШЕНИ ауданында 3-УКРАИН майданы әскерлерімен қосылды.

3-УКРАИН майданының әскерлері шабуылды ойдағыдай күшейте отырып, ЛЕУШЕНИ, КАГУЛ учаскесінде Прут өзеніне жетті, сөйтіп ЛЕОВО, КАГУЛ қалаларын алды, сол сыяқты 200ден аса басқа да елді жерді, оның ішінде Малдавия ҚСР-ның аудан орталығы—КОТОВСКОЕ (ГАНЧЕШТЫ) қаласын, Измаил облысының аудан орталығы КИЛИЯ қаласын, НОВАЯ ИВАНОВКА, ТАТАРБУНАРЫ аудан орталықтарын, ДОМАЙ, РОТЕШТИ, ЗЕРНЕШТИ, ГАСАН БАТЫР үлкен қыстақтары мен ПРУД, ЧАДЫР, ЛУНГА темір жол станцияларын ұрыспен алды. Майдан әскерлері ЛОПУШНА—ЛЕУШЕНИ ауданында 2-УКРАИН майданы әскерлерімен қосылды.

Ойдағыдай жүргізілген шабуылдың барысында 2-және 3-УКРАИН майдандарының әскерлері ҚИШИНЕВТИҢ оңтүстік-батыс жағындағы ауданда немістердің қатарын да 12 дивизия бар әскер тобын қоршап алды. Немістердің 79, 106, 257, 258, 282, 294, 302, 320, 335, 370, 376 және 384-жаяу әскер дивизиялары қоршауға алынды. Әскерлеріміз екі күн бойы дұшпанның оңтүстік бағытқа қарай қоршаудан шықпақ болған әрекетін ойдағыдай тайтарды. Бұл ауданда екі күнгі ұрыстарда дұшпанның 13 мыңнан аса солдаты мен офицері қолға берілді. Дұшпанның қоршауда қалған әскер тобын жою үшін ұрыстар болып жатыр.

Майданның басқа учаскелерінде барлаушылардың іздегіруі және бірсыпыра жерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

24 августа әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 101 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зенбіректерімен дұшпанның 72 самолёті атып түсірілді.

АВИАЦИЯМЫЗДЫҢ ПОГЕГЕН ЖӘНЕ ГАЛАЦ ТЕМІР ЖОЛ ТОРАПТАРЫН БОМБАЛАУЫ

25 августқа қараған түнде алысқа ұшатын авиациямыз Погеген (шығыс Пруссиядағы Тильзиттің солтүстік жағында 10 километр жерде) және Галац (Румынияда) темір жол тораптарындағы дұшпанның шоғырланған әскер ешелондарын бомбалады.

Бомбалау нәтижесінде Погеген темір жол торабында көп өрт шықты, темір жол торабының орталық бөлегінде дұшпанның оқ-дәрі тиелген 2 эшелоны талқандалды.

Оның үстіне, темір жол торабының шығыс және оңтүстік бөлегінде де көп өрт шығып, өртпен қоса взрывтар болғандығы байқалды.

Бомбалау нәтижесінде Галац темір жол торабында бірнеше жерде өрт шықты. Немістердің соғыс жүгі тиелген вагондары мен платформалары өртенді. Өрт ішінде бес взрыв болды.

Августың 20нан 25не дейінгі шабуыл ұрыстары кезінде 2-және 3-Украин майдандары әскерлерінің жаудан түсірген олжасы және дұшпанның шығыны

Августың 20нан 25не дейінгі шабуыл кезінде 2-УКРАИН майданының әскерлері дұшпанды адам күші және техника жағынан мынадай шығынға ұшыратты:

Жаудың 99 самолёті, 104 танкі мен өздігінен жүретін зенбірегі, түрлі калибрлі 426 зенбірегі, 480 минометі, 807 пулеметі, 1050 автомашинасы жойылды. Дұшпан тек өлідей 40 мыңнан аса солдаты мен офицерінен айрылды.

Бұл уақыттың ішінде 2-Украин майданының әскерлері жаудан мынадай олжа: 54 танк пен өздігінен жүретін зенбірек, түрлі калибрлі 859 зенбірек, 891 миномет, 3660 пулемет, 19140 винтовка мен автомат, соғыс мүлкі тиелген 2730 ат-арба, 5500 ат, 40 паровоз, 1150 темір жол вагоны, оқ-дәрі, қару-жарақ, киім жабдығы және азық-түлік қойылған 69 склад қолға түсірді. Оның үстіне, майдан әскерлері дұшпанның талқандалған бекініс ауданында жаудың ұзақ уақытқа арналған темір-бетонды 305 атыс ұясын және бұлардағы түрлі калибрлі 116 зенбірегі мен 381 пулеметін қолға түсірді.

Немістер мен румындардың 49.600 солдаты мен офицері қолға түсірілді. Қолға түсірілгендердің ішінде румынның бірінші жаяу әскер дивизиясының командирі—дивизия генералы Сайдак және румынның 14-жаяу әскер дивизиясының командирі—бригада генералы Войко бар.

3-Украин майданының әскерлері дұшпанды адам күші және техника жағынан мынадай шығынға ұшыратты:

Жаудың 101 самолёті, 311 танкі мен өздігінен жүретін зенбірегі, түрлі калибрлі 871 зенбірегі, 165 минометі, 3700 пулеметі, жүк тиелген 3000 ат-арбасы жойылды. Дұшпан тек өлідей 60 мыңдай солдаты мен офицерінен айрылды.

Бұл уақыттың ішінде 3-Украин майданының әскерлері жаудан мынадай олжа: 195 танк пен өздігінен жүретін зенбірек, түрлі калибрлі 1061 зенбірек, 794 миномет, 5048 пулемет, 30331 винтовка мен автомат, 3000 автомашина, 53 паровоз, 3300 вагон, соғыс жүгі тиелген 7320 ат-арба, 4460 ат, оқ-дәрі, қару-жарақ, киім жабдығы және азық-түлік қойылған 352 склад қолға түсірді.

Дұшпанның 55800 солдаты мен офицері қолға түсірілді. Румынның 110-жаяу әскер дивизиясының командирі—дивизия генералы Тэнеску Троян өзінің штабы және полктердің командирлерімен бірге әскерлерімізге қолға берілді.

2-және 3-Украин майдандары әскерлерінің шабуыл ұрыстарының қорытындысында дұшпан соғыс техникасының негізгі түрлері мен адам күші жағынан мынадай шығынға ұшырады: жаудың 205400 адамы қолға түсірілді, өлтірілді, жау 200 самолётінен, 664 танкі мен өздігінен жүретін зенбірегінен, түрлі калибрлі 3333 зенбірегінен, 2330

БҮГІН МАЙДАНДЫҚ ОНКҮНДІКТІҢ ҮШІНШІ КҮНІ

ЕГІН ОРУ, МАЯЛАУ, ОНЫ СОҒУ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТКЕ АСТЫҚ ТАПСЫРУ ҚАРҚЫНЫН ЕСЕЛЕП КҮШЕЙТЕЙІК!

Облысымыздың егін даласында

Облыстық жер бөлімінің мәліметі бойынша облыстың колхоздарында егін оруды 25 августқа дейін 31,6 процент орындалды. Бір күнгі өсім—4274 гектар.

Егін оруды жоспарын 38,1 процент орындап, Мамлют ауданы алда келеді. Мұнда бір күнгі өсім—241 гектар. Соколов ауданында жоспардың 37,1 проценті орындалды. Бір күнгі өсім—276 гектар. Петропавл ауданында жалпы егін алаңының 36,4 проценті, Приешім ауданында 32,4 проценті, Булаев ауданында 30,6 проценті, Кониюхов ауданында 31 проценті, Ленин ауданында 31,7 проценті және Полудень ауданында 32 проценті орындалды. Приешім ауданында бір күнгі өсім—831 гектар болды.

Егін жыйнауда Октябрь, Преснов және Совет аудандары кешіргісіз артта қалды. Бұл аудандарда егінді дер кезінде ысырапсыз жыйнап алу жұмысы шын мәнінде ғыңғылықты ұйымдастырылмаған, егін жыйнайтын машиналар мен қол орақтар егін оруды тез аяқтауға толық қосылмаған.

Егінді маялау жұмысы тіпті баяу. Облыста орылған егіннің 40,1 проценті ғана маяланды. Соколов ауданының колхоздары орылған егіннің 28,1 процентін, Совет ауданы 33,6 процентін, Октябрь ауданы 37,1 процентін, Ленин ауданы 32 процентін және Булаев ауданы 33 процентін ғана маялады.

Егінді соғу қарқыны бұдан да төмен. Булаев ауданының колхоздары орылған егіннің 23 процентін, Ленин ауданының колхоздары 22 процентін, Приешім ауданының колхоздары—26,2 процентін, Октябрь ауданының колхоздары 24,6 процентін ғана соқты. Ал облысымызда барлық орылған егіннің 30,3 проценті ғана соғылды.

Қазір егін жыйнаудың қауырт кезі. Астық үшін күрес—жеңісіміз үшін күрес. Колхоздардың, МТС пен совхоздардың партия, кеңес, комсомол ұйымдары басшыларының және жер иелерінің қызметкерлерінің мұны түсінетін мезгілі жетті. Сондықтан да майдандық онкүндік кезінде егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын мейлінше өрістетуге үшін барлық мүмкіншілік толық пайдаланылуға тиіс.

Мол егінді ысырапсыз жыйнап аламыз

Біздің ауыл шаруашылық артелінің мүшелері көктем егісінің бас кезінде-ақ былай егісін жемісімізге сай—әрбір гектардан 100 пұт өнім алуға міндеттеме алды. Олар өздерінің міндеттемелерін іс жүзінде орындап, шығу үшін, көктем егісін қысқа мерзімде өткізді, гектарлаған тың және тыңайтылған жерлерді игерді.

Қазір егін жыйнаудың шешуші күндері туғанда, колхозшылардың бұл еңбегі нәтижелі болғандығы айқын болып отыр. Колхозшылар еліміз бен Қызыл Армия алдындағы бірінші парызын мүлтіксіз орындауға күш жұмсауда.

Біз егін жыйнау басталар алдында жұмыс жоспарын жасағанда, егін жыйнауды 25 жұмыс күнінде өткізуге ұйғардық. Мұнымен бірге, егін өнімнің ысырабына қарсы күрес жорығына колхозшылар түгел жұмылдырылды. Олар егісін сабақта құйылмауын, астықтың дестеде, шөмеде, маяда және қырында ысырапқа ұшырамауын қатты еске алады.

Біздің колхоз егін жыйнаудың қызу кезінде отыр. Лобогрейкаларды Ыбраева және Нуртазина сияқты тандаулы колхозшылар басқарады. Олар күніне 3 гектар орнына 4—4 жарым гектар егін орып жүр. Шөме салушы Жәмәлиева және Антонова жолдастар да күніне біржарым мөлшер орындауда. Егін маялаушы Омарова және Ермолова жолдастар бір бес күндікте 20 гектар орнына, 30 гектар егін маялап, бас-

қа колхозшыларға үлгі көрсетті.

Шағлы машина-трактор станциясынан колхозымызға егін жыйнауға жіберілген комбайншы Федор Сокол жолдас та тыңбай еңбек істеп жүр. Ол комбайнның техникалық күтімін жақсартып және егінді дер кезінде жыйнауға бар күшін жұмсай отырып, соңғы үш күнде 70 гектар егін орындады. Сөйтіп, колхозта азғана күндер ішінде 225 гектар егін орылып, алғашқы соғылған егіннен мемлекетке 2400 пұт астық тапсырылды. Мемлекетке астық тапсыру ісін облыстық кеңестің депутаты Шәрип Шахметова жолдас басқарып жүр.

Еңбекшілер депутаттары облыстық кеңесі мен ҚК(б)П обкомның «Егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру қарқынын күшейту шаралары туралы» қаулысын колхозшы шаруалар ықласпен қарсы алды. Социалистік жарыс құлаш жайды. Үгітші Кабиева жолдас бригадалар, звенолар және жеке колхозшылар арасында социалистік жарыстың барысын үнемі тексеріп отыруға міндеттенді.

Қазір колхозшылардың барлық мақсаты—егінді қысқа мерзімде ысырапсыз жыйнап алып, мемлекет алдындағы парызы үлтіксіз орындау сөйтіп жеңімпаз. Қызыл Армияға көмекті еселеп күшейте беру болып отыр.

Күрманғали БЕЙСЕНОВ.

Совет ауданы, Аманкелді атындағы ауыл шаруашылық артелінің председатели.

Приешімдіктер астықты ысырапқа ұшыратып отыр

БОГОЛЮБОВО. (Өз тілшімізден). Приешім ауданындағы Өрнек ауылдық кеңесінің қамтуындағы колхоздарда егін жыйнау жұмысының басталғанына едәуір уақыт бола тұрса да егін жыйнау қарқыны өте баяу болып, піскен егін құрап барады. «Октябрь» ауыл шаруашылық артелінде 600 гектар егіннің 88 гектары, «Жекекөл» колхозында 400 гектар егіннің 75 гектары ғана орылды. «Жекекөл» колхозында егін оруды бейімделген 2 шөп машинасы жұмысқа қосылмай босқа тұр. «Талапкер» ауыл шаруашылық артелінде (председателі Нурмолдин жолдас) егін жыйнау жұмысына барлық мүмкіншіліктің пайдаланылмауы салдарынан, осы күнге дейін 65 гектар ғана егін орылды. Егін жыйнауға бар мүмкіншілікті толық пайдаланбаушылық «Мереке» және «Өрнек» ауыл шаруашылық артельдерінде де орын тепкен.

«Жекекөл» ауыл шаруашылық артеліне Ленин атындағы машина-трактор станциясынан бір комбайн жіберілген еді. Бұл комбайнның колхоздың егін даласына келгеннен бері жүруіне тоқтап тұруы көп. Ал МТС директоры Қозыра жолдас бұл комбайнды жылдам жүргізу ісіне көмектеспей отыр. Керек десе 7 күннен бері тоқтап тұрған комбайнның кемшілігін түзетуге механик те жібермеген.

Бұл колхоз басшыларының тек комбайндарға ғана неқ сүйеп, егін оруды барлық лобогрейкаларды, қол орақтарды және шөп машиналарын пайдаланбауы егісін дәлі құрап түсіп қалуын және мемлекетке астық тапсырудың август айындағы жоспары орындалмау қаупін туғызып отыр. Демек «Талапкер» колхозында мемлекетке астық тапсырудың август айындағы жоспары күні бүгінге дейін 50 процент ғана орындалды. «Жекекөл» (председателі Әбдіқасымов жолдас), «Мереке» (председателі Бейсембаев жолдас), «Октябрь» (председателі Құсайынов жолдас) және «Өрнек» (председателі Қоңғұлов жолдас) ауыл шаруашылық артельдерінде мемлекетке бір де-бір центнер астық тапсырылмаған.

—Комбайн жүрмейді, даяр астық жоқ,—дейді,—бұл колхоздың басшылары. Шын мәнінде олай емес. Колхоз қырымында астық мол. Тек ғана кейбір колхоз басшылары «Егін жыйнау және 1944 жылы ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау туралы» Одақтық Халық Комиссарлары Кеңесі мен БК(б)П Орталық Комитетінің қаулысын бұрмалап отыр. «Талапкер» колхозының қырымында 250 центнер, «Өрнек» колхозының қырымында 160 центнер және «Мереке» колхозының қырымында 300 центнер астық үйіліп жатыр.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

Румыниядағы оқыйға жөнінде

ЛОНДОН, 25 август. (ТАСС). Рейтер агенттігі Каир радиосының хабарын берді, бұл хабар бойынша, Румынияның жаңа үкіметі румын халқының немістерге қарсы күресті бастауға шақырып Бухарест радиосы арқылы үндеу жариялады. Румыния Германияға қарсы соғыс жариялады.— делінген хабарда. Германия авиациясы Бухаресті бомбалады.

ЛОНДОН, 25 август. (ТАСС). Лондон радиосы Анкарадан алынған хабарға сүйеніп, румынның жаңа соғыс командованиясінің бұйрығы бойынша румын әскерлерінің Трансильванияға басып кіргендігін хабар етті. Трансильванияда венгер әскерлері мен Румынияның жай халқы арасында шайқас болды.

Осы хабар бойынша, Констанцада румын және неміс әскерлері арасында айқас болды.

Одақтастардың Еуропадағы әскерлерінің жоғарғы командованиесі штабының хабары

ЛОНДОН, 25 август. (ТАСС). Одақтастардың Еуропадағы әскерлерінің жоғарғы командованиясі штабының хабарында былай делінген:

«Душпанның күшті қарсылығын жеңіп, генерал Леклерктың басқаруындағы француздың екінші бронетанк дивизиясының бөлімдері Париждің шет аймағына келіп кірді. Париждің оңтүстік және оңтүстік-шығыс жағында одақтастар әскерлері Мелане тау жерде Фонтэнло ауданында Сена өзенінен өтті. Бұдан әрі, өзеннің жоғарғы шенінде Монтеро алынды. Одақтастар әскерлері қазір Сенаның құйылысына жақындап келеді. Тибerville алынды. Одақтастар бөлімдері Безвильдің оңтүстік жағындағы жолға жетті. Жағалауда Трувиль алынды. Одақтастар Онфлерге таялып келеді.

Сена ауданында душпанның кері шегінетін жолдарына кеше истребительдер мен истребитель-бомбардировщиктер шабуыл жасады. Бельгиядағы және солтүстік-шығыс Франциядағы темір жолдар бомбаланды. Кеше күндіз ауыр бомбардировщиктер Эймейлендегі (Голландия) торпедашы катерлер базаларына, сол сыяқты, Брестегі кемелерге шабуыл жасады.

Ел ішінде қыймыл жасаушы француз әскерлері Лионды алды

ЛОНДОН, 24 август. (ТАСС). Ел ішінде қыймыл жасаушы француз әскерлерінің бүгін таңертең Лионды оккупанттардан азат еткендігін Рейтер агенттігі хабар етті.

Самолет-снарядтардың Англияға шабуылы

ЛОНДОН, 24 август. (ТАСС). Июньнің орта шенінен бастап (самолет-снарядтардың Англияға шабуылы басталғанын бері) августтың үшінші аптасының аяқ шеніне дейін оңтүстік Англияға немістер 7250 самолет-снаряд жіберген.

РУМИНИЯДАҒЫ ОҚЫЙҒА АНТОНЕСКУДЫҢ ҚАШЫП КЕТУІ. КОРОЛЬ МИХАИЛДЫҢ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

(Шетел радио хабарларына шолу)

23 августа кешке румын,ағылшын және америка радиостанциялары Румынияда аса назар аударарлық оқыйғалар болып жатқандығын хабар етті. Антонеску орнатқан тәртіп күйреді. 23 августа кешке Бухарест радиосы Румынияның генерал Константин Санатеску басқарған жаңа үкіметінің құрылғандығын хабарлады. Жаңа үкіметтің қатарында Антонеску бастаған тобырдың Гитлердің жақтаған саясатына қарсы пікірдегі, қауасаттық сыйпаттауы бойынша, мұны Румынияны апатқа ұшырататын саясат деп есептеген саяси партиялардың басшылары, оның ішінде либералдардың басшысы Братіану және ұлт-царанит (ұлт шаруалар) партиясының басшысы Маниу бар. Швейцария радиосының хабары бойынша, Ион Антонеску самолетпен Германияға қашып кеткен.

Өткен түні Бухарест радиосы румын королі Михаилдың декларациясын берді, ел өзінің декларациясында Румыния ауыр халде отырғанда оны сақтап қалу үшін біріккен ұлттарға қарсы соғыс әрекетін тоқтатуды, ұлт бірлігі үкіметін құруды және біріккен ұлттармен бітім жасап, елдің тілегін орындауды ұйғарды. Осы уақыттан бас-

тап—делінген король Михаилдың декларациясында,—кеңес армиясына қарсы барлық соғыс әрекеттері және Улы Британия мен АҚШқа қарсы соғыс жағдайы тоқтатылатын болады.

Бухарест радиосының хабарына қарағанда, жаңа үкімет 24 августа король Михаилдың декларациясының мазмұнына сәйкес мәлімдеме жариялаған көрінеді. «Ұлттың сөзін апатқа ұшырауынан алдын-ала сақтану үшін,—делінген бұл мәлімдемеде,—өзіміз белдік елдер жағында болып қатысқан соғыстан шығуға шындап бел байладық». Мәлімдемеде бұған қосымша былай делінген: «Вена сарапшысының Румыния жөніндегі әділетсіздігін Москва, Лондон және Вашингтон үкіметтерінің білуі одақтастар армияларының жәрдемімен румын армиясының Солтүстік Трансильванияны шетел оккупациясынан азат етуіне мүмкіндік береді. Енді біз өз дағдымымызға өзіміз қожа боламыз».

Радио арқылы берілген мәлімдеме үкіметтің соғысты тоқтатты, бұл қарарды жүзеге асыруға кесел жасайтын барлық әрекетті жоюды ұйғарғандығын сыйпаттайды: «Алғашқы күннен бастап ұтылған қырғын соғысты тоқтатуды бүкіл ел тілеп отыр. Бү-

кіл ел бейбітшіліктің аңсауда, әрине, бұл румындардың жасқанғандығынан емес. Бейбітшілік орнату және румын халқына азат ету жолында кедергі жасаушыларға, біздің елімізді біріккен ұлттарға қарсы соғыстыра беруге, сөйтіп оны ауыр халге ұшыратуға тырысушыларға барлық қарулы күштеріміз бен халқымыз болып батыл соққы береді».

Румыниядағы оқыйға Берлиндегілерді қатты абыржытты, бұған 24 августа түске дейін Берлиндегілердің жұмған аузын ашпауы, тек түстен кейін ғана гитлершілдердің егін жыйып, хабар таратқандығы, сөйтіп «Румыния үкіметінің басшысы маршал Антонеску орнынан алынып, Румынияда жаңа үкімет құрылды» деп жариялағандығы дәлел бола алады. Мұнымен қатар гитлершілдер румын халқына үндеу жіберіп, оны Германия жағында болып күрес жүргізе беруге және жаңа үкіметтің қарсыласуды тоқтату туралы бұйрықтарын орындамауға шақырды. Берлин бұл үндеуді қайдағы бір «Румынияның ұлт-үкіметі» атынан таратты. Бұл «үкіметтің» кімдерден құралғандығы белгісіз. Шынында, гитлершілдер бұл үкімет мүшелерінің бірде-біреуінің атын атай алмайды, оның қызмет орнын айта да алмайды.

Егер бұл оқыйғалардың барлығы шын мәнінде шетел радиостанциялары хабар еткендегідей болса, Румынияда болған оқыйғаларды кеңес-герман майданында герман және румын армияларының күйреп жеңіліске ұшыратылуының тікелей зардабы деп есептеуге барлық негіз бар. Сталинград түбінде гитлер әскерлері талқандалып, мұн-

да румынның орасан көп әскерлері қырғынға ұшыраған күнінен бастап Румынияда гитлер Германиясы жеңеді дегенге сенбеушілік және Румынияның Германияның қарақшылық ниетінің құралына айналдырған Антонеску бастаған тобырдың ұлт мүддесіне опасыздық жасағандығын сезіп-ұғынушылық кеңінен етек алды. Кеңес әскерлерінің Румыния жеріне кіруі Румынияда гитлершілдерге қарсы пікірдің неғұрлым өршуіне әсер етті, Антонеску тобырына қарсы әрекетті қуатты күшке айналдырды. Румынияның қалың халық Бухарасының Германиямен қатынасты үзуге деген ниетін күшейтті. Бұл пікірдің өршуіне В. М. Молотов жолдастың 2 апрельде кеңес үкіметі атынан, кеңес үкіметі «Румыния жерінің қандай бөлегін болса да немдену немесе Румыниядағы қазіргі қоғамдық құрылысты өзгерту мақсатын көздемейтіндігін» және «кеңес әскерлері Румыния жеріне тек соғыс жағдайы керек қылғандықтан және душпанның әскерлері қарсылық көрсетіп отырғандықтан ғана кіргендігін» айтып жасаған айқын мәлімдемесі үлкен әсер етті. Кеңестер Одағы Румынияның біртұтастығына қауіп туғызғалы отыр-мыс деп қыйсынсыз өтірік лақап таратқан гитлер нәсихатына бұл мәлімдеме арқылы қатты соққы берілді. Гитлер Германиясының шашбауын көтеріп жетегінде кете беру—тұңғыйққа онымен бірге құлап апат болу екендігіне румын халқының әлде қашан көзі жетуге тиіс еді.

Жауапты редактор

Ө. ОСПАНОВ.